



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 18 тамыз

Ақсу қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-14/24*
город Аксу

2025-2026 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» № 174 бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025-2026 оқу жылының басталуы 2025 жылдың 2 қыркүйегі, аяқталуы 2026 жылдың 25 мамыры болып есептелсін.

Сынып жетекшілерге оқу жылының ұзақтығы 5-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайтыны жөнінде және оқу жылының барысындағы белгіленген каникул мерзімдері ата-аналарға құлақтандыру ретінде жеткізілсін.

Пән мұғалімдері мейрам күндеріне түскен сабақтарды оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуін ескеріп, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылуын жүзеге асырсын.

Оқу жылы барысында тоқсандар мен демалыстардың (каникул) мерзімдері белгіленді:

5-11 сыныптарда:

1-тоқсанда 8 оқу аптасы, күзгі демалыс -7 күн (2025 жылғы 27 қазан -2 қарашаны қоса алғанда),

2-тоқсанда 8 оқу аптасы, қысқы демалыс -10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсан – 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда),

3-тоқсанда 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - 11 күн (2026 жылғы 19 наурыз - 29 наурыз күндерін қоса алғанда),

4-тоқсанда 8 оқу аптасы;

2. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері белгіленді:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары- 2026 жылғы 2 маусымнан бастап 15 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді:

9-сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі, информатика) 2026 жылғы 3 маусым;
- 3) қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан 2026 жылғы 8 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;
- 3) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, әдебиет, құқық негіздері, шет тілі, информатика) 2026 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

4. Осы бұйрықта көрсетілген оқу жылының басталуы мен аяқталуын орындау, оқу және каникул уақыттарының ұзақтығын қамтамасыз ету оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары С.Джамалбаева мен сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жүктелінсін.

5. 10-сыныпқа оқушыларды қабылдауға жауапкершілік гимназия психологі Н.Шаймарданова, 10-сынып жетекшісі Б.Ж.Айтмагамбетоваға жүктелінсін.

2025 жылдың 2 қыркүйекте білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені!» сынып сағаттарын өткізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Бакирбековаға және сынып жетекшілеріне жүктелінсін.

Кабинет меңгерушілеріне:

- жаңа оқу жылына мектептің дайындығын қабылдауға оқу кабинеттерін 2025 жылдың 28 тамыз мерзіміне дейін даярласын.

6. «Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ №76 бұйрығы басшылыққа алынсын.

Тыңыстырылды:
С.Джамалбаева
Ж.Ахметова
К.Ахметова
Б.Ахметова
Н.Шаймарданова

А.Байбақырова
А.Альдегирова
А.Бсенгожия
Б.Айтмагамбетова
Ш.Жунусғалиева

Б.Мухамедова
А.Мухитова
Д.Нурғалиева
А.Кушнарлова
А.Писмыленова

А.Ахметова
М.Сығымбетова
К.Түлеубаева
Р.Алепарова
Г.Салтаев

Ф.Даркышев
А.Терек
Г.Салтаев
Б.Қошбаева
Г.Жаната

6.1. Сынып жетекшілердің міндеттері төмендегі мұғалімдерге жүктелінсін:

- 5а - Баймурат Жазира
- 5ә - Жумагельдинова Шынар Майданбековна
- 6а - Альдекенова Анар Толыбаевна
- 6ә - Ахметова Айгуль Мырзахметовна
- 7а - Тулұбаева Кульжайнат Бекежановна
- 7ә - Есенгожина Ақмарал Еркеновна
- 7б - Купяшарова Алия Адилбаевна
- 8а - Ахметова Бакытгул Байжановна
- 8ә - Пернебай Фариза
- 8б - Байбакирова Алтын Сериковна
- 9а - Сыздыкова Мадина Канапьяновна
- 9ә - Нургалиева Дария Амантаевна
- 9б - Сыздыкова Галия Ермековна
- 10 - Айтмагамбетова Бахыт Жумабаевна
- 11а - Мухитова Айсұлу Бокенбаевна
- 11ә - Муканова Бакытгуль Кадыровна

7. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері тағайындалсын:

МИФ (математика, информатика, физика) әдістеме бірлестігінің жетекшісі - Жумагельдинова Шынар Майданбековна

Шетел тілі әдістемелік бірлестігінің жетекшісі – Ахметова Айгуль Мырзахметовна

Гуманитариялық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі – Айтмагамбетова Бакыт Жумабаевна

Эстетикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі – Солтан Гульжазира Кабдылкаримовна

Жаратылыстау, тарих пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі – Купяшарова Алия Адилбаевна

8. Әдістемелік бірлестіктері жетекшілері Ш.Жумагельдинова, А.Ахметова, Г.Солтан, Б.Айтмагамбетова, А.Купяшарова 2025 жылдың 29 тамыз мерзіміне дейін пән мұғалімдердің күнтізбелік оқу жоспарларын әдістемелік бірлестік отырысында қарастырсын.

9. Директордың оқу ісінің орынбасары С.Джамалбаева, тәрбие ісінің орынбасары, гимназия менеджері Р.Алепарова:

1) Бекітуге ұсынылсын:

- мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспары 29 тамыз,
- гимназияның жұмыстық оқу жоспары 29 тамыз,
- I жарты жылдыққа арналған сабақтардың кестесі 29 тамыз,
- факультативтік сабақтардың кестесі 29 қыркүйек,
- оқушылардың сабақтан тыс қамтылу кестесі 29 тамыз,
- мектеп асханасының жұмыс кестесі 29 тамыз,

- оқу пәндерінің МЖБС-қа сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, факультативтік және элективтік курстардың жоспарлары 29 тамыз,
- үйірмелер жұмысының жоспары 29 тамыз

Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ №76 бұйрығы басшылыққа алынсын.

2) Жоспарланған мерзімде білім беру басқармасына берілсін:

- титул парағы мен гимназияның жұмыстық оқу жоспары белгіленген күнге сәйкес;

- тарификация белгіленген күнге сәйкес

10. Гимназия кітапханасының меңгерушісі Женаева Гульжан Ирановна 2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдары тізбелеріне сәйкес «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 жылғы №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 жылғы №194 бұйрығының негізінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілсін.

11. Сынып жетекшілер:


- электронды журналдарға енгізілген оқушылардың тізімін 2 қыркүйекке дейін құжаттарға сәйкес тексерсін.

- пән мұғалімдері мен сынып жетекшілердің электронды журналды дұрыс толтыруын қадағалау Ж.Ахметоваға жүктелсін.

12. Тереңдетіп оқыту, оқу жоспары бойынша сағаттарының бөлінуі, төлемақылы кабинеттер туралы бұйрықтар дайындау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Джамалбаеваға жүктелсін.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Гимназия директоры



А.Дюсембаев